

**«Шығыс Қазақстан облыстық балалар және
жасөспірімдер кітапханасы» КҚМ**

**КГУ «Восточно-Казахстанская областная детско-
юношеская библиотека» управления культуры ВКО**

Информационно-библиографический центр

«Ақын жырына арқау болған Өскемен»



«Поэтами воспетый город»

Дайджест

г. Усть-Каменогорск, 2020 г.

«Ақын жырына арқау болған Өскемен» = «Поэтами
воспетый город» [Текст]: дайджест / сост. С. А.
Карабаева. – г. Усть-Каменогорск: ОДЮБ, 2020. – 60 с.

Құрастырушыдан

Өскемен қаласы 1720 жылы ұлы мәртебелі І Петр патшалық құрып тұрғанда қамал-бекініс ретінде салынған еді. 1868 жылы Өскеменге қала статусы берілді.

Қазіргі Өскемен Қазақстандағы түсті металдар орталығының бірінен саналады. Аймақтың жетекші салалары – түсті металдар өндіру, машина жасау.

Өскемен қаласы – егемендік алған Қазақстанның көрікті қалаларының бірі.

2020 жылы қала өзінің 300-жылдығын атап өтеді. Осыған орай ақпараттық-библиографиялық орталық «Ақын жырына арқау болған Өскемен» = «Поэтами воспетый город» атты өлеңдер мен әндер дайджесін дайындады. Дайджест мемлекеттік және орыс тілдерінде берілген және екі бөлімнен тұрады:

1. Өскемен қаласына арналған өлеңдер
2. Өскемен қаласы туралы әндер

Материал әліпби тәртібімен орналастырылған. Көпшілік оқырманға арналған. Басылым туралы пікірлеріңіз бен ескертулеріңізді мына мекенжай бойынша жіберуге болады:

**Өскемен қаласы,
Космическая көшесі, 6/2
Шығыс Қазақстан облыстық балалар
және жасөспірімдер кітапханасы
Ақпараттық-библиографиялық орталық
e-mail: childrenlibrary@host.kz**

От составителя

Усть-Каменогорск живописный город, расположенный на востоке Казахстана. Начало городу Усть-Каменогорску положила крепость, основанная в 1720 году при впадении реки Ульбы в Иртыш посланцем Петра I гвардии майором Иваном Михайловичем Лихаревым, официально статус города получил в 1868 году.

Сегодня Усть-Каменогорск - один из крупнейших промышленных городов Казахстана. В настоящее время в центре областного уровня размещаются административные, научные, учебные, медицинские, зрелищные, спортивные, развлекательные учреждения. Основными направлениями экономики города являются цветная металлургия, машиностроение и металлообработка, энергетика, легкая промышленность, лесная промышленность, пищевая промышленность.

Усть-Каменогорску посвящают стихи, эссе - поэты и писатели, песни и сюиты – композиторы, картины и изделия декоративно-прикладного искусства – художники и скульпторы.

2020 году город отмечает свое 300-летие, этой славной дате информационно-библиографический центр подготовил дайджест стихов и песен «Ақын жырына арқау болған Өскемен» = «Поэтами воспетый город».

Дайджест на государственном и русском языках и состоит из двух разделов:

1. Стихи посвященные Усть-Каменогорску.

2. Песни об Усть-Каменогорске.

Материал расположен по алфавиту авторов и заглавий.

Дайджест обращен к широкому кругу читателей. Все отзывы и замечания о данном издании, а также ваши предложения просим направлять по адресу:

*г. Усть-Каменогорск,
ул. Космическая, 6/2
Областная детско-юношеская библиотека
Информационно-библиографический центр
Контактный телефон: 75-44-36
<http://www.vkolibrary.kz>*

«Ақын жсырына арқау болған Өскемен»



Өскеменге арналған өлеңдер

Жанат Әскербекқызы



1966 жылы 1-қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Қарасу ауылында дүниеге келген. Ақын, әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Жанат Әскербекқызы поэзия әлеміне өзіндік үнімен, табиғатына сай тәнтілі талантымен келген дарын иесі. Өлеңдері 80-жылдардан бастап Республикалық басылымдарда жарияланып келеді. “Қарлығаш” атты ұжымдық жинаққа өлеңдері енген. «Ғарыш билер ғұмырымды» (1999), «Қаракөз бұлақ» (2001), «Қаңтардағы қызыл гүл» (2001), «Көктүріктер әуені» (2002), «Қаз қанатындағы ғұмыр» (2007) жыр жинақтары шыққан.

- *Әскербекқызы Жанат [Мәтін]. – Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. – Астана, 2011. – Т. 1.: Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. – Б.34-35.*

Өскеменде

Өскеменде өксіп қалдың тастаққа өскен тұл шынар,
Қияңқы жел қағынып кеп, қақ жүрегін қыршып ал.
Тау төсінен тамыр тартып, тепсінгенің қайткенің
бағың тайып, күлкің қашып, тынысың да тұншығар.

Тас қалаға таңып тастап, тас жаудырған Тексіздік,
Жүрегіңе шаншу қадап, бедірейер бетсіздік.

Қия баспас күз жолына кіріптар боп тағдырың етегіңнен тарта берді елгіемдеген епсіздік.

Әскербекқызы Ж. Өскеменде [Мәтін]: өлең / Ж. Әскербекқызы // Қаракөз – бұлақ. - Астана, 2001. – Б. 156-157.

Ғалым Байбатыров



1949 жылы 12 қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан қаласында туған. Өлеңдері 1966 жылдан бастап баспасөзде жарияланған. 1982 жылы «Жазушы» баспасынан «Сәуір самалы», 1999 жылы «әл-Фараби» баспасынан «Үміттің оты сөнбейді», 2000 жылы «Шығыс» баспасынан (Өскемен қаласы) «Арман дүние» атты өлеңдер жинағы жарық көрген. «Шежірелі Шығыс өңірі» (2006), «О дүниенің табалдырығы» (2007), «Жүрегімнің жанары» (2008) атты кітаптардың авторы. «Өңім бе, ойбай, түсім бе», «Албасты» операциясы», «Отан үшін» пьесалары сахнада қойылған.

- *Байбатыров Ғалым [Мәтін]. – Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. – Астана, 2011. – Т. 1.: Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. – Б. 42.*

Өскемен туралы жыр

Қиын болды-ау, орын алу төріңнен,
Өскеменім, арманымдай көрінген.
Босағанды жүргенімде сағалап,
Қаздай болып өз тобынан бөлінген.

Көрінгеннің есігінде күн кешкен,
Үнім шықпай, іштен тынып мұң кешкем.
Қайнап шығып жүрегімнен жырларым,
Қызғыш құстың зарыменен үндескен.

Пана көріп әркімнің бір бұрышын,
Тірлік еттім келер нұрлы күн үшін.
Мен тұрмаған Өскеменнің көшесі аз,
Үй алудан үзілместен үмітім.

Тұрған жерден бір қиырда жұмысың,
Балабақша табу деген «ұлы ісің».
Балаларды дірдектетіп жүргенің,
Қыс келгенде жалаңдатып қылышын.

Кері итерсе алға қарай өктедім,
Жайбарақат жүрген кезім жоқ менің.
Өскеменнің шыққан кезде төріне,
Білмей қаппын жастық шақтың өткенін.

Дауға шығып «жер үшін» деп, «тіл үшін»,
Қырын кетіп, бір ісімнен бір ісім.
Кездерім көп жалғыздықтан тарыққан,
Болашақтан кесілгендей үмітім.

Жүрсем-дағы кей ездерден жерініп,
Күн кешкендей бар алаштан бөлініп.
Намыс үшін мен өзіңнен кетпедім,
Соңғы қазақ өзім сынды көрініп.

Байбатыров, Ғ. Өскемен туралы жыр [Мәтін]: өлең / Ғ. Байбатыров // Жүрегімнің жанары. - Өскемен, 2008. – Б. 82-83.

Өскеменім

Бұлжанов Ж.

Туған жерім, кең-байтақ Өскеменім,
Өзінде ғой мен туып-өскен елім.
Зайсаныңда шомылып шабақтайын,
Ертісіңді асыр сап кешкен едім.

Көк майсалы, аяулы Өскеменім,
Көз алдымнан кетпейсің әсте менің.
Сенің сұлу далаң деп білетінмін,
Орамалда әжемнің кестелерін.

Зауыт көп деп кезінде бөскен едім,
Кеш түсіндім, қайтейін Өскеменім.
Бүгін, міне, от шашқан мұржалардан,
Айдаһар көргендей-ақ сескенемін.

Болашағын ойласам жас өреннің,
Сезбей қалам көзіме жас келгенін.
Таң ғажайып өңірің болғанменен,

Ауаң сенің дәл бүгін лас дер едім.

Қазір маған байқаймын ес кіргенін,
Өмір — күрес, келеді дес бермегім.
Айдаһардың көк түтіні у екенін,
Өкінішті соны кеш ескергенім.

Төбендегі бұлт кетіп Өскеменім,
Қайта жайнар күн туар төсте гүлің.
“Жақсы” — деген — “ештен кеш” қағидаға,
Сенемін, мен өзінде өскен ұлың.

Маусым, 1991 жыл.

Бұлжанов Ж. Өскеменім [Мәтін]: өлең / Ж. Бұлжанов // Біз осындай халықпыз. - Алматы, 2003. – Б. 35-36.

Серік Ғабдуллаұлы



1937 жылы 17 тамызда Шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданы, Шымқора ауылында дүниеге келген. 1966 жылы С. М. Киров атындағы ҚазМУ-дың (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) қазақ тілі мен әдебиеті факультетін аяқтайды.

1975 ж. «Көктем лебі» алғашқы өлеңдер жинағы жарық көреді. Оқырмандар арасында оның «Бұқтырма сарыны» (1978), «Көктем - көкөрім шағым» (1982), «Ақ босаға» (1991), «Жылдардан жеткен жаңғырық» (1995), «Сөйле, менің жүрегім» (1998), «Алтай асу» (2003), «Ұланғайыр» (2003) сияқты жинақтары жақсы танымал.

- *Ғабдуллаұлы Серік [Мәтін] // Шығыс жұлдыздары: энциклопедиялық анықтамалық. – Астана, 2011. – Т. 1.: Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. – Б. 57.*

Өскеменнің көктемi

Өскемен көктеп келеді,
Асқар Алтай шашудай
Ақ жауынын төгеді.
Қайың желек жамылып,
Терек алқа тағынып, құлпырады жасылдай
Тірлігінің табылған соң керегі.

Өскеменнің келбеті
Жасанған қыз, келіннің
сымбатынан аумайды.
Атқан таңның нұрындай,
Құлдыраған құлындай,
Асау Ертіс арқырап,
Толқындары аунайды.
Өскеменнің аспаны
Бірде бұлтты, бірде ашық.
Бозторғайдың жыршы үні,
Ақ қайыңның бүршігі
Жасыл бақтың ішінде,
Жарасымды пішінде
Менімен тұр сырласып.

Өскеменнің көшесі
Толған думан-күлкіге,

Шаттық асып шарадан,
Көңіл біткен салады ән,
қуаныштың қаймағындай кілкіме.
Мен армансыз болайын,
Арнама бір толайын,
Жүрегіме жалғыз рет жыр түне...

*Ғабдуллин С. Өскеменнің көктемі / С. Ғабдуллин
[Электронды ресурс]. - Дереккөзі:
<https://www.zharar.com/kz/olen/page,5,2346-oskemen.html>*

Көпен Ерқасов



1952 жылғы 4-қаңтарда Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданының Тесікұя ауылында дүниеге келді. Ақын. Алғашқы өлеңі 1984 жылы Алматыдан шыққан жас ақындардың «Қарлығаш» ұжымдық жинағында, «Төрткүл дүние» (1988) жыр жинағында жарияланды. 2003 жылы «Ағажай Алтай» атты кітабы жарық көрді. 2009 жылы «Бәйтерек», 2011 жылы “Ақбұлақ” жеке жыр кітабы жарық көрді.

- *Ерқасов Көпен [Мәтін]. – Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. – Астана, 2011. – Т. 1.: Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. – Б. 65.*

Өскемен, кешір мені

Жыр жазбасам, Өскемен, кешір мені,
Саған бастап әкелген көшім мені.
Аңсаған соң, ауылыма жыр арнаймын,
Өйткені ол өткенім есімдегі.
Ал сен менің, бал шағым — бүгінімсің,
Тіршіліктен тататын шырынымсың.
Ауыл - менің алаулап атқан таңым,
Ал сен бәлкім алқызыл іңірімсің...
Ауыл - менің кәусәрім, тұнық, ауам,
Білгенің жөн сенің де мұны, қалам.
Ауа жетпей өзінде тұншыққанда,
Ауылды аңсап, арландай ұлып алам...
Жазда қанат қаққанмен елге таман,
Тез оралып, үй тіккен жерге қонам.
Арманыма жеткізген қанат байлап,
Ару қалам, қымбатсың сен де маған.
Сен қызғанба, биыл да елге барам,
Мәрмәр таулы Марқадай көлге барам.
Қалада өлер ақындар елде туып,
Төмпешік боп мен түбі сенде қалам...
Кемелдендім өзінде мен жетіліп,
Айта алмаймын білетін елге өтірік.
Қаламгердің тегіннен тағдыры ортақ:
Қалада өлер ақындар елде туып...

*Ерқасов К. Өскемен кешір мені [Мәтін]: өлең / К.
Ерқасов // Ақбұлақ. Таңдамалы шығармалар шинағы. –
Өскемен, 2011. – Б. 189.*

Өскеменнің оттары

Жалғастырып тіршіліктің көкпарын,
Жердің сансыз шиырладым соқпағын.
Жырақтарда туысымдай сағындым,
Жымыңдаған Өскеменнің оттарын!
Алғы күнмен жалғап баба арманын,
Арғы-бергі аумақтарды шарладым.
Ақ құспенен аспанда ұшып жүрсем де,
Аңсай бердім Өскеменнің шамдарын!
Алатаудың аралап кеп аңғарын,
Алматының қарсы алғамын таңдарын.
Алыстарда жүргенде де жыр етіп,
Әнге қосқам Өскеменнің шамдарын!
Жанға сеуіп шуағы мен нұрларын,
Ұлы істерге бастап елдің ұлдарын.
Қызыл — жасыл сәуле шашқан шамдардың,
Мен қалаймын мәңгі жанып тұрғанын!

*Ерқасов К. Өскеменнің оттары [Мәтін]: өлең / К.
Ерқасов // Ақбұлақ. Таңдамалы шығармалар жинағы. -
Өскемен, 2011. – Б. 235.*

Өскемендегі Абай ескерткіші

Үш ғасырға таяу бұрын қаласа да тағанын,
Кешірсе де өз басынан патша, кеңес заманын.
Бір ескерткіш қойылмаған қазақтың бір ұлына,
Бұрын-соңғы тарихында көккөзді бұл қаланың.
Кезде ғана, сең бұзылып, мәңгілік мұз еріген,
Қызылкөздер құрығанда қазағымның жерінен.
Заманы өткен күн көсемдер тұғырынан түскенде,

Ұлы Абай орын тепті Өскеменнің төрінен!
Аққа дағы, қызылға да мызғымаған бұл қала,
Өз төрінен орын берді заңғар ұлы тұлғаға.
Қойғанымен перзентіне ескерткішті бір ғана,
Қаракөздер ұшқын атты шуақ шашып, нұрлана!
Көлеңкесі жауып кетер өзге жұрттың Күн, Айын,
Қазағыма бір ескерткіш қою болған уайым.
Бұл күнге де жеттік, міне, егемендік алған соң,
Бұл бақты да қиды бізге құдіретті Құдайым!
Бір ескерткіш болып еді жылдар бойы уайым,
Сол ашылып, кіргізуде көккөз қала шырайын.
Көп күттірген бұл қуаныш қаракөз бар халықты,
Ұзағынан сүйіндіргей дейміз біздер ылайым!
Қазақта бар Абайдан да басқа ұлы, дана да,
Соны ұғатын саңылау бер мәңгүрттенген санаға.
Оларға да осылайша көрсетілсін құрмет.
Ақ тілекті қабыл алып, раббым, Аллах Тағала!

24.08.2009 жыл, 11.30-12.05.

Ерқасов К. Өскемендегі Абай ескерткіші [Мәтін]: өлең / К. Ерқасов // Ақбұлақ. Таңдамалы шығармалар жинағы. - Өскемен, 2011. – Б. 429-430.

Ерман Жүрсін



1951 жылы 12 ақпанда Қарағанды облысының Байқоңыр ауылында туған. Қазақ мемлекеттік университетін 1976 жылы бітірген.

Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі. "Жанартау" тұңғыш өлеңдер жинағы 1983 жылы баспадан шыққан. «Арайлы күн, армысың!»,

«Ұлытауға бардың ба...» (1989), «Құдіретке жүгіну» (2005), «Екі тізгін, бір шылбыр» (2007), «Құстың көлеңкесі» (2008), «Ырғай», «Арнадым сізге», «Көктөбедегі кездесулер», «Алыстан және жақыннан», "Гөй-гөй" т.б. кітаптары жарық көрген.

М. Мақатаев атындағы сыйлықтың екі мәрте иегері. Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері. «Құрмет» орденімен марапатталған. Қазақстан айтыс ақындары мен жыршы термешілердің халықаралық Одағының Төрағасы.

Ерман Жүрсін [Текст] // Қазақстан жазушылары: анықтамалық. – Алматы, 2009. – Б. 142.

Өскемен

Қалдырып кетпесем де ештеңемді
Қымайды көңіл неге Өскеменді?
Былдырлап тілі шыққан балам құсап
Шықпайтын болып алды естен енді.

Қол созып махаббаттың жүлдесіне
Шомылсам шолпылдатып Үлбісіне
Өскемен келіншек боп көрінеді
Оранған үлдесі мен бүлдесіне.

Жұлдыздай зерлі аспаннан үзіп алған
Түнгі оттар шыға келсе жүзіп алдан
Көңілдің айдынында ағараңдап
Қаяудай құс жолының ізі қалған.

Қияқтай ай боп көкте тұрса қылыш,
Кетеді жүрек жібіп, жұмсарып іш.
Дүбірлеп түркі атының тұяқтары,
Сібірлеп оянады бір сағыныш.

Күн нұры тозаңдатып гүлдер шаңын
Көшкендей көз алдымда гүлдер сағым.
Санамды сілкілейді сақ кезімде
Сары алтын сауыт киіп жүрген шағым.

Сайы жоқ саясында гүл өспеген,
Самалы сыбырлайды бір ескі өлең.
Киесін Алтай-әжем құрмет тұтқан
Бабамның бөркі шығар бұл Өскемен.

Жеңіспен жалғансын деп жортуылдар
Еңістен ереуілдер еркін ұлдар.
Ішінде қарағайдың қаптап жүрген
Қайдасың, Қаратайлар, Төртуылдар?

Тарихын тергесеңдер Өскеменнің
Жұрты бұл жөңкіп бұлттай көшкен елдің.
Алтайым – ақ бесігі Ата қазақ
Кіндігін қылышпенен кескен ердің.

Тағдырын кешкен сол ұл Көрғұлының,
Тәңірім, енді ұзартып бер ғұмырын.
Шығыстың шаңырағы жүрген сынды
Шайқалып шүйдесінде Кербұғының.

Рахман суында да ырыс қайнап,
Майлайсың мұртыңды енді, мырышты аймақ.
Түбінде қазаныңның тұрсын қаспақ
Қыр асып, қиыр шетке жылыспай бақ.

Бір тылсым бар секілді шипанда да,
Көзімді кіреукелеп ұйқы, алдама.
Есімді есеңгіреп жиып тұрмын,
Тауып бер тарихымды, титан қала!

*Ерман Жүрсін. Өскемен Еркін [Электронды ресурс]. -
Дереккөзі: <https://www.zharar.com/kz/olen/5935-erman->*

Ұлықбек Оразбайұлы Есдәулет



1954 жылы 29 сәуірде Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Үлкен Қаратал ауылында туған. Қазақстандық ақын, журналист. «Көздеріңе ғашықпын» (1974), «Жұлдыз жарығы» (1977), «Алтайдың алтын тамыры» (1979), «Ұлыстың ұлы күні» (1982), «Ақ керуен» (1985), «Жаратылыс» (1989), «Жүректегі жарылыстар» (1995), «Алтай асулары» (1988), «Заман-ай» (1999), «Киіз кітап» (2001) кітаптарының авторы. «Ахиллестің өкшесі» өлеңдер жинағы (2003), «Қара пима» (2006), «Ынтық зар» (2009), «Әбілхаят» (2009) кітаптары, таңдамалы шығармаларының 2 томдығы (2006), шығармалар жинағының 6 томдығы (2006-2009) жарық көрген. Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығымен марапатталған.

- *Есдаулетов Ұлықбек [Мәтін]. – Шығыс жұлдыздары [Мәтін]: энциклопедиялық анықтамалық. – Астана, 2011. – Т. 1.: Сөз зергерлері. Мәдениет майталмандары. – Б. 65-66.*

Өскемен туралы жыр

Кетеріп туын шығыстан асығып атса күміс таң,
От өріп екпініменен төсінен асқақ жыр ұшқан.
Сырғасын малып Ертіске бір ару жатыр жағада
Тұлғасын соққан мырыштан.

Сапардан кайтқан тырналар танымай калса —
кешірім,
Шаһар бұл түлеп жататын балапан үйлер бесігі.
Жайқала жасыл желегі қала бұл алау тандарға
Айқара ашқан есігін.

Мөлдіреп тандар атқанда от алып ару өсті өрлеп,
Сол бір от сөнбес бойынан, таңертең,
күндіз, кешке де.

Кеудесі өрт дерсің қаланың,
комбинаттарда жатқанда
Атқылап жалын пештерден.

Соғады самал Алтайдан,
бұлттарды нұрға қоса үрлеп,
Кестелі ақша орамал орайды тұрба басын кеп.
Күн бойғы қызу жұмыстан бусанып жатқан өлкенің
Тандайы құрғамасын деп.

Жырласам шығыс шынарын,
көңілде шалқар шалқып көл
Көкірегіме орнайды керіліп барлық барқыт бел.
Қарасам бүгін қалама комбинаттағы кендердей
Ағыл да тегіл шаттықтан кетемін дәйім
балқып мен...

1971 жыл

Есдәулет, Ұ. Өскемен туралы жыр [Мәтін]: өлең Ұ. Есдәулет // Көп томдық шығармалар жинағы. - Алматы, 2006. – Т. 1: Өлеңдер, балладалар, поэмалар. - Б. – 21.

Оқасов Қайыркен



1940 жылы 15 мамырда Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының Үлкен Қаратал ауылында дүниеге келген.

Оқасов Қайыркеннің есімі облыстағы өнер сүйер қауымға етене таныс. Оның әндері, жырлары шынайлығымен, табиғилығымен ерекшеленеді. Автордың «Ауылым - Қараталым», «Зайсан әні», «Асыл үміт», «Тек өзіңе сенерсің», «Қазақстан – туған елім, Отаным», «Жанымда, жыр-әнімсің», «Анашым» атты әндері бар.

- *Оқасов Қайыркен Оқасұлы [Текст] // Туған жер әуендері =Земли родной напевы [Текст] : ШҚО композиторларының шығармалары. Шығарылым 1. - Өскемен, 2005. – Б. 196.*

Өскелең - Өскеменім


Өскелең - Өскеменім,
Шығыста өскен елің...
Үлбі, Ертіс өзеніңмен,
Жер ұйық жомарт жерің.

Іске асып, ізгі арман,
«Бұқтырмаң» - бұғауланған.
Адамдар еңбегімен,
Әр үйде «Шырақ» жанған!

Боялып, алтын нұрға,
Жасарып, жылдан жылға.
Өскелең - Өскеменім,
Қосылдың ән мен жырға!
Әлемге әйгілісің,
Қорғасын, мыс, мырышың...
Алтының, ақ күмісің,
Елімнің байлығысың!
Қорытылған алтындарың,
«Жаққұттай» - жарқылдадың.
Арулар құлағында,
Жұлдыздай жалтылдадың...
Үлбі, Ертіс жағасында,
Достардың арасында.
Отырсаң балық аулап,
Қызықа тоясың ба?!

Бал дәурен өзіңде өткен,
Көгілдір едің көктем...
Өскелең – Өскеменім,
Сағыныш едің неткен!

*Оқасов, Қ. Өскелең - Өскеменім [Мәтін]: өлең / Қ. Оқасов
// Ән - жырларым, жан сырларым. - Өскемен, 2010. – Б.
72-73.*





«Өскеменге арналған әндер»

Өскемен

Сөзі: Ғалым Байбатыровтікі

Әні: Қайыркен Оқасовтікі

Өскемен өзінде өтті, көп күндерім,
Маздаған от күндерім, шат күндерім.
Кеудемде өлең отын лапылдатып,
Маңдайдың моншақтатып төктім терін.

Өскемен өзінде өтті гүл күндерім,
Төгілді ақ, моншақтай күлкім менің.
Қосылып тайжарыстың дүбіріне,
Жүрегім алып ұшып дүрсілдедің.

Қиялым биіктерге талмай ұштың,
Ертеңге ақ үмітті жалғай ұштың.
Серік боп өнер қуған ағаларға,
Шабыттың қайнарынан қанбай іштім.

Тоймадым, қызығына, думаныңа,
Саулады аспаныңнан нұр жаныма.
Шабыттың қанатында жыр түлеттім,
Алтайдың асқақтаған шыңдарына!

Өзінде шарқ ұрудан шалдықпадым,
Қаншама тауларыңды жаңғыртты әнім.
Қаласың жүрегімнің төрінде сен,
О, менің от боп жанған албырт шағым !!

Байбатыров Ғ. Өскемен [Мәтін]: ән / Ғ. Байбатыров; комп. Қ. Оқасов // Ән - жырларым, жан сырларым [Мәтін]: әндер, өлеңдер, толғаулар. - Өскемен, 2010. – Б. 102.

Өскемен әні

*Сөзі: Ғалым Байбатыровтікі
Сазын жазған Оралхан Көшерев*

Білегі ойнап Алтайдың,
Жүрегі маздап Алтайдың.
Өскемен саған марқайдым,
Алыстап кетсем аңсаймын.

Қайырмасы:

Көркіндей көктеменің,
Көз тартқан көктерегің.
Гүлің боп көктегенмін,
Саяңда Өскеменім.

Ғашық боп күні қадалған,
Әр үйі гүлден қаланған.
Аймалап Ертіс толқыны,
Аққудай нұрға таранған.

Қайырмасы:

Жанған кез лаулап, сөнген кез,
Сағымға елтіп ерген кез.
Өзінде өтті Өскемен,
Сезімді гүлге өрген кез.

Қайырмасы:

Көшеңде күлкі төгілген,
Ақ сәуле саулап көгіңнен.
Көк нөсер болып саулайтын,
Көкбауыр бұлттан сөгілген.

Байбатыров, Ғ. Өскемен әні [Мәтін]: ән / Ғ. Байбатыров; комп. О. Көшеров // Жүрегімнің жанары. - Өскемен, 2008. – Б. 100.

Өр Алтай - Өскеменім

Әнімен сөзін жазған Қайыркен Оқасов

Өскеменім - Өр Алтайдың жүрегі,
Кенді Алтайды бүкіл әлем біледі.
Түсті металл өңдеуменен зауыттар,
Өркендеуде өндірістер үдеді.

Қайырмасы:

Алтын мен ақ күмісің,
Қорғасын, мыс, мырышың.
Берилли, тантал, титан,
Отанның байлығысың!...
Боялып алтын нұрға,
Жанарып жылдан-жылға.
Өр Алтай - Өскеменім,
Қосылдың ән мен- жырға.

Асау Ертіс, бұғауланған Бұқтырма,
Жуасыдың адам күшін ұқтың ба?!
Салынған С.Э.С, шамшырағы Шығыстың,
Қалалар мен ауылдағы ел-жұртыңда.

Ырыс қонған Шығыс өлке даласы,
Өскеменім, Қазақстан қаласы.
Отандастар, жалғап еңбек ерлігін,
Салт дәстүрін, сақтауда бар баласы!!

Қайырмасы:

*Оқасов Қ. Өр Алтай - Өскеменім [Мәтін]: ән / Қ.
Оқасов // Ән - жырларым, жан сырларым [Мәтін]:
әндер, өлеңдер, толғаулар. - Өскемен, 2010. – Б. 115.*



«Поэтами воспетый город»



Стихи посвященные Усть-Каменогорску

Виктор Степанович Аксенов



Родился 22 января 1935 год в с. Шемонаиха ВКО в многодетной семье. Окончил Семипалатинский геологоразведочный техникум в 1953 году. С 1954 по 1957 годы служил в армии на Дальнем Востоке. Окончил Томский политехнический институт (1958-1964). Автор многочисленных поэтических сборников: «Дым Отечества», «Искушение», «В пути», «Свет Иисуса», «Баллады и поэмы», «Стихи и рассказы», «Песни и романсы», «Долг», «Война». Рекомендацию В.Аксенову для вступления в Союз Писателей Российской Федерации и Республики Казахстан дал Анатолий Иванов. Инвалид 2 группы по зрению. Поэтическая книга Виктора Аксёнова "Женщины", изданная в 2007 году, объединяет избранные стихи, акrostихи, песни и романсы о великих, выдающихся и простых женщинах планеты. В книгу вошли четыре поэмы и несколько баллад.

• *Аксенов Виктор Степанович*
[Электронный ресурс]. - Режим доступа:
<http://shemlibrary.kz/index.php>

Усть-Каменогорск

Ты вырос на смыкании
Хребтов у Иртыша,
Усть-Камень светлокаменный –
Алтайская душа

На берега неброские
Ступала старина.
Основан ты в петровские,
В былые времена

И от гостей непрошенных
Кайсаков защищал.
Служил, как мог, хорошему
Благой Руси причал.

Майор, гвардеец Лихарев
Здесь крепость заложил.
Форпост Петра Великого
До наших дней дожил.

Гвардейский род не вымышлен.
И вот над Иртышом
Лихим гвардейцем нынешним
Ты стал в труде большом.

В звезде геройской области
Горит твоя звезда.
Ты из форпоста доблести
Стал факелом труда.

Аксенов В. Усть-Каменогорск [Текст] / В. Аксенов // Дым Отечества: стихи, баллады, поэмы. - Усть-Каменогорск, 1995. – С. 19.

Виктор Веригин



Родился 23 ноября в 1952 г. в г. Усть-Каменогорске, работал бурильщиком, затем журналистом, литконсультантом в областной газете «Рудный Алтай». Во время службы в армии в Ленинграде познакомился с известными поэтами, общение с ними впоследствии стал называть периодом становления собственной художественной индивидуальности. Стихи «Монолог камня», «Прощание Азуриты», «Монолог рудознатца» являются как бы частями эпической поэмы о Чуди. В республиканском поэтическом конкурсе «Десять лет свободы», объявленном журналом «Простор» к годовщине независимости Казахстана В. Веригину за цикл стихов «Казачьи мотивы» присуждена первая премия.

Автор сборников стихов на тему казачества «Притяжение гор» (1979), «Возвращение друзей» (1989), «Казачьи мотивы» (2003). Лауреат премии журнала «Простор» (2001).

Скончался 25 ноября в 2004 г. в г. Усть-Каменогорск. В 2013 г. литературное объединение «Звено Алтая» выпустило литературный сборник поэта под названием «Снег».

Веригин В. [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://imena.pushkinlibrary.kz/ru/pisateli-i-poety/1524-.html>

Родной город

Хорошо в этой чистой
лунности!
Ночь. Иртыш. Телевышка.
Горы.
Улыбаясь весне и юности,
Я иду по родному городу.
Я иду по притихшим улицам,
По умытой весной площади,
По рябым, по уснувшим
лужицам,
Где луна, растекаясь,
морщится.
Все родное мне здесь, все
близкое.
Арки тонкие, окна
зданий
Тополь ветки спустил
свои низко так,
Будто хочет что-то сказать
мне.
Чуть дымятся трубы заводов,
Гаснет сварки ночной
синева
...Отдыхай, мой рабочий город,
Завтра рано тебе вставать

*Веригин В. Родной город [Текст]: стих / В. Веригин
// Рудный Алтай. – 1969. – 26 апр. – С. 3.*

Алексей Бочаров

В объятиях Ульбы и Иртыша

Родному городу Усть-Каменогорску посвящается

Родные города нам помнятся и снятся,
Даются только раз, твою судьбу вершат,
Любимый Оскемен — отечество и братство
В объятиях Ульбы и Иртыша.

Так много на земле есть городов прекрасных,
Для каждого из нас отчизна хороша,
А в сердце ты один — и все слова напрасны
В объятиях Ульбы и Иртыша.

Судьба нас, город мой, надолго разлучала,
Метелицею жизнь слегка припороша, —
Но здесь, у наших гор, лежит моё начало —
В объятиях Ульбы и Иртыша.

Неправду говорят: весна неповторима,
Перебираю память нежно, чуть дыша —
Мы вместе снова с ней, так трепетно и зримо,
В объятиях Ульбы и Иртыша.

Пройдёмся молча, друг, мы с юностью в
обнимку
По улицам твоим знакомым не спеша —
Здесь отчий дом, и все свои на снимках
В объятиях Ульбы и Иртыша.

Улыбками детей, трудом своих отцов
Любуюсь и горжусь, поёт моя душа,
И встречами друзей, и счастьем земляков —
В объятиях Ульбы и Иртыша.

Алтайская заря разбудит утром горы,
Неси добро и мир, названьем дорожа,
Мой милый Оскемен, зелёный, в устье город,
В объятиях Ульбы и Иртыша.

Так будь благословен, родной красавец-город,
Где труд и слава есть, есть юность и душа,
С тобой, земля моя, я и влюблён, и молод,
В объятиях Ульбы и Иртыша.

г. Евпатория, Крым.

***Поэтическая мозаика [Текст] : стихи // Нива. - 2012. -
№ 12. - С. 94-107.***

Роман Лагутин

Роман родился в Усть-Каменогорске 11 сентября 1976 года. Окончив школу №15, в 1993 г. поступил в Строительно-дорожный институт (ныне ВКГТУ) на специальность «Городское строительство и хозяйство», но, отучившись 1 семестр, внезапно начал писать. Сначала фантастическую прозу (фантастика нравилась с детства), затем лирические стихи. В 2008 г. как прошедший по конкурсу был приглашен Общественным фондом развития культуры

и гуманитарных наук «МУСАГЕТ» на Литературный семинар «Мастер-класс» в г. Алматы, где прошел двухнедельный курс обучения.

Устье Каменных гор

1

В этом месте поэтов
больше деревьев и рек.
Берег вычищен, выложен
бетоном, и каменной крошкой...
Слушай, смотри! - вот отсюда,
последний
ослепший
грек мечтал об Элладе,
песок ковыряя ложкой.

Прямо отсюда,
из космоса и глубины,
выплыло чудо,
и затопило строения.
Здесь, где листья фиалок
так неуловимо странны,
где кондуктора в автобусах,
пытаясь достичь просветления,

абонементы срывают один за одним,
словно шаманы, в руках выбирая четки,
я - излагаю суть дела,
разминая слова, как мим
в чьем восприятии контуры мира нечетки.

Хватит дебатов!
Ученые
сшибли лбы,
историки пишут в газеты
о том, что давно было...
Памятник Ленину, где он?
Он всё-таки был.
Может, и есть еще где-то,
в районах, вроде Чернобыля.

А по проспекту Ленина,
если направо свернуть,
ехать почти до края,
выйти,
и дальше пешком идти,
там, на Свинцовой улице,
дышится в полную грудь.
После
табакокурение
не страшно, даже и в комнате.

Так говорят, когда солнце
спряталось,
или ветер,
к примеру,
поднялся сильнее обычного...
Вскользь, между делом:
мол, слышал - выбросы были?
газ всю неделю.
Пробовал письмами стричь в него?

Думал, наверное,
сам по себе устал?
и голова - от работы
ноет
с рассвета до полночи?..
Время расставило
всё
по своим местам...
Я - снеговик:
неподвижен,
нелеп,
беспомощен.

Вылепим ком.
Отойдём, и посмотрим:
большой.
Так же обида моя
слой за слоями накручена.
Восемь детей отравились в саду.
Хорошо?
Врач написал «ОРЗ»,
пока не придумав лучшего.

Что им, врачам!.. Тоже люди.
Телевизор глаголет
им –
атмосфера нормальная в городе.
Как - против течения!..
Разве стало бы лучше?!
Вряд ли, и даже самим.

А от редких болезней
никто не придумал
лечения...

Кому это надо!?
Столько рабочих
мест!.. Люди - живут. Согласны
на цену
этакую. Кто-то зарубит курицу,
а кто-нибудь
ест.
Яиц не разбив... –
ну да,
выражение меткое.

...Хитрый! - послушав,
скажете...
Как он втирает очки!..
Лапки поджал,
упал - притворяется бедненьким!..

А я, словно дворник, молчу,
собирая с асфальта
бумаги клочки
и время от времени
поднимая слова, как веники.

3

Правда ли, нет? - то, что Днепр
впадает в Оку...
А я от такой неправды
впадаю в депрессию.

Сплю беспокойно. Просыпаюсь
от боли в боку...
на шепоты слева: «Ты где?»
вновь отвечаю - «Здесь я!».

Рвусь, отрываюсь, рушатся с полок тома,
жизнь остаётся буквально секунды
считанные...
Всё это - моё: эти улицы, реки, дома,
все эти люди –
 под кожу иголками вшиты мне;

Вся эта правда - тугая, такая, как есть,
тоже - родная, до крови, до боли,
до жжения...
Бегать. Кругами по комнате...
Не помогает.
Сесть?
Стул бы прожег насквозь –
с таким напряжением.
А за окном - те же люди, дороги,
грязь; или, бывает и чисто,
когда время - летнее...
Я, повернувшись, долго смотрю
не смеясь;
хлопаю в небо, тучею ватной
облепленное...

Выдерну, вырву, оставлю лишь дырку
в груди;
там, по пути, попадётся - заткну чем попало...

Видишь меня?!
Ну, откликнись же, ну, разгляди!..
Тронь за плечо
рукою своей беспалой!..

...Тихо. Молчание.
Ленин, ослепший грек;
рыбки-мутанты с помятыми чудом
хвостами...

(В этом месте поэтов –
больше деревьев и рек...)

Никто
не заметит, когда одного
не станет.

11.01.2007 г. 01.50

*Лагутин Р. Устье Каменных гор [Текст]: поэма /
Р. Лагутин // Ақ Ертіс. – 2008. - № 5. – С. 56-58.*

Усть-Каменогорск

Евгений Непогодов

Там, где Иртыш сливается с Ульбой
В один поток на север устремлённый,
В крутые берега омытые волной
Врастает город предками рождённый.

И со времен великого Петра
Возник сей град от крепости старинной
На вольные потоки на ветра
Средь древних гор из старины былинной.

Когда посланники от неевского двора
По Иртышу по воле царской
На челнах прорезали сквозь ветра
Просторы глади Зайсанской.

С тех давних пор менялись времена,
И город рос всё шире и всё выше,
Но крепость та, как старая тюрьма,
Пред ней собора золотятся крыши.

С потоками Ульбы и Иртыша
Стоит сей град в туманы погружённый,
В один рукав вливается душа,
Другой рукав на север устремлённый.

*Непогоднов Е. Усть-Каменогорск [Электронный ресурс].
- Режим доступа: <http://www.stihi.ru/2012/10/12/4591>*

Пуссеп Геннадий Николаевич



В разные годы: строитель, учитель, металлург, партийный деятель, руководитель кадровых служб ряда предприятий, в том числе — УК ТМК; диктор областного радио и телевидения, с 2005 года и по настоящее время — директор общественного фонда Почётных граждан Усть-

Каменогорска «Мой город», автор 14 поэтических сборников, книг очерков и рассказов «Поезд набирает скорость», «В новый век мы вошли вместе» и других. Построил и открыл первую в области школу эстетического развития № 19 на Пристани, которую возглавлял с 1987 по 1991гг., руководил музыкально-литературным отделом областного музея искусств. Состоит в Союзе журналистов Казахстана, Союзе писателей России и старейшем литературном объединении «Звено Алтая», Почетный профессор КАСУ. Регулярно выступает на предприятиях, в учреждениях, учебных заведениях с собственными произведениями и с пропагандой творчества региональных авторов, в программах «Встреча друзей», «Поэзию любят красивые люди», «Прошлое всегда будет», «Муза приоткрыла мои двери», «Быть достойными минувших дней» и др. Написал и опубликовал в СМИ десятки очерков об известных людях города и области. Много лет сотрудничает с литераторами Семей, Риддера, Зыряновска. В качестве редактора подготовил к выходу в свет свыше 50 книг о земляках. Известен как сценарист, на его счету десятки юбилейных вечеров, литературных презентаций. Имея дикторскую квалификацию, озвучил около 50 документальных фильмов, снятых местными студиями.

- *Пуссен Геннадий Николаевич [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <http://www.altaytravel.ru/index.php?pid=art&arti=30>*

Усть-Каменогорск

Вглядитесь в лица наших земляков-
Известных, знаменитых, рядовых:
Богатство наше, ясно и без слов,
Не только есть
В природных кладовых!

Оно в создателях сегодняшнего дня,
В традициях, проверенных годами.
У всех у нас история - одна,
Она была и есть,
и будет с нами!

Трудяга город на ногах чуть свет.
Но никогда не выглядит усталым.
Всегда по моде, празднично одет,
Хотя работает с рудою и металлом.

Город самый близкий и родной,
Не похожий вовсе на другие,
Город с необычною судьбой –
Центр всей
Цветной металлургии

Здесь жили плотогоны, рыбаки,
О ссыльных живы байки и былины,
Спились в рукопожатье две реки –
Иртыш с Ульбой
Всегда неразделимы!

Здесь живут великие творцы
С красотой природной по соседству.
Набережные, скверы и дворцы –
Дорого и мило
всё нам с детства!

Минареты, маковки церквей,
Парков городских великолепиие.
Улиц шум, веселье площадей –
Всё под стать
Свободному столетию.

С каждым годом столько перемен!
С каждым днём наш молодеет город,
Усть-Каменогорск и Өскемен!
С ним - любовь, надежда,
Радость, гордость.

В ожерелье золотых огней,
Город в ярко-праздничном уборе,
С каждым днём люблю его сильней
И горжусь,
Что устькаменогорец!

Все мы - как единая семья –
На слиянье рек и разных судеб!
Город наш - он был, он есть, он будет,
Значит, вместе будем –
Ты и я!

Пуссен Г. Усть-Каменогорск [Текст]: стихи / Г. Пуссен // Пуссен Г. Избранное. – Усть-Каменогорск, 2015. – С.34-35.

Михаил Иванович Чистяков



Михаил Иванович Чистяков родился 1 сентября 1917 года в селе Ургуш Байкибашевского района в Башкирии. В 1934 году переехал в Семипалатинск и поступил на геолого-разведочный рабфак, который закончил в 1938 году, но геологом не стал. Окончил учительские курсы в Алма-Ате и был направлен на работу в село Аксуат Семипалатинской области учителем русского языка и литературы. В июле 1942 года ушел на фронт. В 1945 году женился на Софии Ивановне Георгиади, и в декабре 1947 года вместе с женой переехал в Усть-Каменогорск. Окончил заочно Семипалатинский педагогический институт. Работал преподавателем русского языка и литературы в школах Усть-Каменогорска, а затем журналистом в областной газете "Рудный Алтай".

М.И.Чистяков - автор 18 книг. Его стихи публиковались на страницах республиканских газет "Казахстанская правда", "Ленинская смена", "Огни Алатау", областных - "Иртыш" (Семипалатинск), "Звезда Прииртышья" (Павлодар), "Ленинское знамя" (Петропавловск), "Рудный Алтай" (Усть-Каменогорск). Михаил Иванович печатался в коллективных сборниках Москвы, Ставрополя, Алма-Аты, в журналах - "Советский воин" (Москва), "Звезда Востока" (Ташкент), "Якутия" (Якутия), "Простор" (Алма-Ата).

Усть-Камень

Я каждое утро
Стою над Ульбою,
Охвачен прохладой горных круч.
Смотрю, как река зеленой губою
Ловит первый озябший луч.
Смотрю, как первый трамвай
Рабочих
Проворно катит на комбинат,
Где буйный металл в обжиговках клокочет
И где печевые, как боги стоят.
Пахнет морем улыбчивым, синим.
Бушуют в белых пожарах сады,
Крутит турбины Иртыш былинный,
Где ходит солнце по гребню воды.
Под небо взметнул этажи Усть-Камень,
По всем маршрутам пустил поезда.
Здесь даже звезды пахнут цветами
И музыкой света гудят провода.
Пусть кто-то бредит далекой Атлантикой,
А я и здесь не состарюсь,
Нет!
Здесь
Этой бьющей в лицо
Романтики
Хватит еще на тысячу лет!

*Чистяков Михаил. Усть-Камень [Текст] / М. Чистяков
// Дорога: стихи. - Алма-Ата : Жазушы, 1984. - С. 26-27.*



Песни посвященные Усть-Каменогорску

Гимн Усть-Каменогорска

Слова: В. Юркина, С. Апасова.

Музыка: С. Апасова.

В самом сердце Рудного Алтая
Над рекой, у каменных высот
Ты стоишь как крепость вековая
Мира и спокойствия оплот.
Подружились Левый берег с Правым
Две судьбы в одну объединив,
Всем народом трудовым и славным
Крепость в город-сказку превратив!

Припев:

Славься, Усть-Каменогорск!
Встанем рядом и споем друг-другу:
"Мы тобой гордимся, Усть-Каменогорск,
Город казахстанских металлургов!"

Твой металл известен всей планете,
В Атомпроме нет тебя сильней,
Здесь в хоккее играют наши дети,
В Высшей Лиге знают твой хоккей!
Жасай бер қиындық көрместен,
Әр күні дәулетін өрлеткен.
Жасай бер жылдармен жасарып,
Ұл-қызың бесіктей тербет сен.

Припев:

Жаса, Өскемен, Жаса!
Әсем әнмен, әсем жырмен өріліп.
Мақтанамыз өзінмен
Сүйеміз сені
Оттай ыстық сезімменен.

Славься, Усть-Каменогорск
Встанем рядом и споем друг-другу:
"Мы тобой гордимся, Усть-Каменогорск,
Город казахстанских металлургов!"
"Мы тобой гордимся, Усть-Каменогорск,
Город казахстанских металлургов!"
Город казахстанских металлургов!"

*Гимн Усть-Каменогорска [Электронный ресурс]. –
Режим доступа: <http://www.yk.kz/town/info/symbolics>*

Город над иртышской волной

(Слова и музыка Ивана Будрина (с. Прапорщикова))

По родному городу иду,
По родному городу шагаю,
И, как клен в весеннем том саду,
Каждый час на четверть подрастаю

припев:

Город над иртышскою волной,
Город над красавицей Ульбою,
Ты и днем, и вечером со мной,
А я днем и вечером с тобою.

И ты это знаешь и цветешь,
И ты это знаешь и ликуешь,
И синицей вешнею поешь,
И кукушкой вешнею кукуешь.

припев:

Мне бы с неба звезды доставать,
Мне бы в небо облаком вздыматься
И тебя с собой в дорогу звать,
Чтоб тобой в дороге любоваться.

припев:

Город над иртышскою волной,
Город над красавицей Ульбою,
Ты и днем, и вечером со мной,
А я днем и вечер с тобою.

*Будрин И. Город над иртышской волной [Текст]:
песня / И. Будрин // Тузан жер аундері =Земли
родной напевы [Текст] : сборник произведений
композиторов ВКО. Вып. 1 - Усть-Каменогорск,
2005. – С. 101.*

Мой город, Усть-Каменогорск

Стихи: Максим Гарвикс Василенко

Композитор: О. Ю. Юлтыева

Раскинулся по берегам двух рек,
Меж гор поднялся величаво,
И, от Петровского начала,
Приблизил третий жизни век.

Как встретившихся рек мосты
Хранят единство берегов,
Со мною неразлучно ты,
Мой город и моя любовь...
Мой город, Усть-Каменогорск! (2 р.)

С тобой вчера я провожал закат,
С тобой сегодня мы проснулись...
Лик площадей, и гомон улиц
Я узнавать привычно рад.

Куда б ни завели мечты,
Мы верные с тобой друзья,
Ведь в сердце неизбежно ты –
Мой город и любовь моя.
Мой город, Усть-Каменогорск! (2 р.)

И вот, шагаю снова по тебе,
И вглядываюсь в окна, словно в лица.
Душа поёт влюблённой птицей,
Парит в бездонной синеве.

Но даже с этой высоты
В каких бы ни был я краях
К тебе вернусь, и примешь ты –
Мой город и любовь моя.
Мой город, Усть-Каменогорск! (2 р.)

*Гарвикс Василенко М. Мой город, Усть-Каменогорск / М.
Гарвикс Василенко [Электронный ресурс]. – Режим
доступа: <http://www.stihi.ru/2014/09/06/2963>*

Кабанов Игорь Владимирович



Родился 9 января 1939 года в г.Ачинск Красноярского края, обучался в ДМШ, в 14 лет был устроен музыкальным воспитанником в военный оркестр. Окончил музыкальное училище г. Гродно Белорусской ССР, Институт культуры.

Работал в Москонцерте и Росконцерте в ведущих государственных оркестрах страны под управлением Л. Олаха, Д. Покрасса и др. Был руководителем Российского Государственного ансамбля песни и пляски «Байкал». В 1968 г. был приглашен музыкальным руководителем в ВКО филармонию.

Является аранжировщиком. Член Союза композиторов Прииртышья. Им написано около 600 произведений эстрадного характера (песни и пьесы), издано 6 музыкальных альбомов.

- *Кабанов Игорь Владимирович [Текст] в // Тузан жер ауендері =Земли родной напевы [Текст] : сборник произведений композиторов ВКО. Вып. 1 - Усть-Каменогорск, 2005. – С. 20.*

Аблакетка

Слова и музыка Игоря Кабанова

Между гор и рекою глубокой,
С давних пор старины той далекой,
Люди в скалах свой путь проложили,
И поселок в горах заложили!
Появилось селенье на плато,

Свежим воздухом, рыбой-богато,
В честь Аблая народ, очень метко,
Поселенье назвал Аблакеткой!

Припев:

Облака, облака, Аблакетка,
Над проплывают не редко!
Стаи птиц над тобой пролетают,
За вершинами гор исчезают!

С той поры много лет пролетело,
Люди дружно все взялись за дело,
Аблакетка всем людям на диво,
Современною стала, красивой!
А централы-юю улицей стала,
И доходит почти до причала,
Ее люди Островской назвали,
Ездят, ходят по ней без печали!

Припев:

В выходной не сажай себя в клетку,
Приезжай к нам опять в Аблакетку,
Отдохнешь ты на нашем причале,
И едешь домой без печали!
А когда ты забудешь тревогу,
Аблакетскую, вспомнив дорогу,
То поймешь наконец - в чем спасенье,
И приедешь к нам опять в воскресенье!

Припев:

Кабанов И. Аблакетка [Текст]: песня / И. Кабанов // Туган жер әуендері =Земли родной напевы [Текст] : сборник произведений композиторов ВКО. Вып. 1 - Усть-Каменогорск, 2005. – С.20-25.

Согринский вальс

Стихи: Г. Пуссена

Музыка: И. Кабанова

I

Солнце над Новою Согрою,
Тихо встает из-за гор,
Утро - хорошее, доброе,
Вышло на свежий простор!

Согра, согряне, согряночки!
Знат всегда об всем,
С песней живут припеваючи,
Согра - особенный дом!

II

К этому с рождения,
Каждая тропка близка,
В каждом из нас продолжение,
В каждой судьбе ТМК!

Здравствуйте, здравствуйте, здравствуйте,
Только и слышно вокруг,
Вместе и в горе, и в радости,
Согра - особенный Друг!

III

В дружбу и в дом мы свой верим,
С этой верою живем!
Были когда-то мы первыми,
Детям в наследство наш Дом!

С разных республик мы собраны,
В новые семьи влились,
С Согрою, Новою Согрою,
С Согрою - вся наша Жизнь!!!

Пуссен Г. Согринский вальс [Текст]: песня / комп. И. Кабанов // Тузан жер дуендері =Земли родной напевы [Текст] : сборник произведений композиторов ВКО. Вып. 1. - Усть-Каменогорск, 2005. – С. 26-30.

Иван Александрович Сумароков



Иван Алексаидрович Сумароков родился 24 июля 1948 года. Окончил ДМШ, Музыкальное училище, Киргизский государственный институт искусств по специальности дирижер оркестра народных инструментов, концертный исполнитель, преподаватель по классу баяна.

Работал художественным руководителем районного дома культуры с. Никитинка, преподавателем Асу-Булакской музыкалытой школы, преподавателем Усть-Каменогорского музыкального училища по классу баяна, преподавателем кафедры народных инструментов в Киргизском государственном институте искусств г. Фрунзе,

руководил оркестром русских народных инструментов в Восточно-Казахстанском колледже искусств, был кондертмейстером оркестра и народного хора г. Алматы и Восточно-Казахстанского колледжа искусств.

- *Сумароков Иван Александрович [Текст] // Туган жер әуендері = Земли родной напевы [Текст] : сборник произведений композиторов ВКО. Вып. 1 - Усть-Каменогорск, 2005. – С. 82.*

Усть-Каменогорск

Музыка: И. Сумароков

Слова: М. Кедывар

Как две реки слились с тобою навсегда
Так мы с тобою друг мой верный на года
Какое счастье жить у этих синих гор
Красавец город Усть-Каменогорск?

Ты наш красавец Усть-Каменогорск
Город мой мы с тобою навсегда
Никогда нас не разлучат года
Город мой

Фейерверк над Иртышем
Этот миг в своем сердце
В своем сердце,
В своем сердце сбережем.

Кердывар М. Усть-Каменогорск [Текст] / комп. И. Сумароков // Туган жер әуендері = Земли родной напевы [Текст] : сборник произведений композиторов ВКО. Вып. 1 - Өскемен: Усть-Каменогорск, 2005. – С. 87-88.

Фарида Худжатовна Фаткулина



Родилась 1 июля 1949 года в с.Таргын Уланского района. Обучалась в ДМШ № 1 г.Усть-Каменогорска по классу фортепиано, в Усть-Каменогорском педагогическом институте на отделении «Музыка и пение», а также на историческом факультете.

Работала в детской спортивной школе аккомпаниатором художественной гимнастики (1967), в Усть-Каменогорском педагогическом училище преподавателем музыки и фортепиано (1971-2002).

Является дипломантом конкурса на лучшую песню к 10-летию Дома дружбы народов. Писать начала с 1997 года, пишет в основном романсы и песни.

- *Фаткулина Фарида Худжатовна [Текст] // Туган жер әуендері = Земли родной напевы [Текст] : сборник произведений композиторов ВКО. Вып. 1. - Усть-Каменогорск, 2005. – С. 107.*

Наш город

Родился ты у Иртыша.

Ты - гордость наша и жемчужина Алтая.

Ты - город дружбы и труда,

Своей любовью и теплом нас согреваешь.

Припев:
Добрый город светлый город,
Будешь ты вечно молод.
Милый город, родной наш город,
Любим мы тебя.

Твоих дворцов и площадей,
Зеленных улиц красота тебя венчает.
И воды двух могучих рек
Своим течением всегда тебя ласкают.

Припев:

Наш город - Усть-Каменогорск
Шагаешь в ночь, ты, с большими городами.
Пусть будет чист твой небосвод
И ярко, ярко светит солнышко над нами.

Припев:

Фаткулина Ф. Наш город [Текст]: песня с нотами // Туган жер әуендері = Земли родной напевы [Текст] : сборник произведений композиторов ВКО. Вып. 1. - Усть-Каменогорск, 2005. – С. 108.



Мазмұны = Содержание

Құрастырудан	3
От состовителя	4
Өскеменге арналған өлеңдер	7
Өскеменге арналған әндер	24
Стихи посвященные Усть-Каменогорску	29
Песни посвященные Усть-Каменогорску	47

Составитель:

Карабаева С. А.

Редактор:

Колосова А. В.

Ответственный за выпуск:

Мукашева К. Б.

